«ГАУХАР» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ

«АЛТЫН КҮЗ – СӘН ӘЛЕМІ»

Күз мерекесіне арналған сән көрсетілімі мен ән-би бағдарламасы

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, эстетикалық талғамын қалыптастыру. Күз мезгілінің ерекшеліктерін таныту, табиғаттың әсемдігін сезінуге үйрету. Балалардың ән айту, би билеу, сахнада өзін еркін ұстау дағдыларын жетілдіру. Ата-аналармен бірлесе отырып, балалардың өнерін қолдау, ұйымшылдыққа, әсемдікке және табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Күзгі жапырақтар, түрлі түсті шарлар, сән көрсетіліміне арналған әуендер, жемістер мен көкөністер, күзгі фотозона.

Қатысушылар: Жүргізуші, Күз ханшайымы, балалар.

І бөлім. Мерекенің ашылуы

(Залға әсем күзгі әуен ойнап тұрады. Балалар қолдарына түрлі түсті жапырақтар ұстап, залға кіріп, жарты шеңбер болып тұрады.)

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті қонақтар, аяулы ата-аналар, сүйкімді бүлдіршіндер!

Бүгінгі біздің мерекеміз ерекше! Табиғаттың ең әсем мезгілі – алтын күзге арналып, сән мен өнер тоғысқан «Алтын күз – сән әлемі» атты мерекелік бағдарламамызға қош келдіңіздер!

Күз – молшылықтың, берекенің, сұлулықтың мезгілі. Айналамыз алтын түске боялып, ағаштар түрлі түсті жапырақтарын төгіп, табиғат ерекше бір көрікке енеді.

Бүгін бүлдіршіндеріміз өздерінің әсем киімдерін көрсетіп, ән айтып, би билеп, өнерлерін ортаға салады.

Ендеше, алтын күз мерекесін бірге қарсы алайық!

ІІ бөлім. «Күзгі жапырақ» әні

Жүргізуші:

Балаларымыздың орындауында күз туралы әнді қабыл алыңыздар!

ІІІ бөлім. Күз ханшайымының келуі

(Залға қолына себет ұстаған Күз ханшайымы кіреді. Әуен ойнайды.)

Күз ханшайымы:

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар!

Бүгін қандай тамаша мереке! Балалардың бәрі әдемі киініп, өнер көрсетуге дайын екен. Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім!

Жүргізуші:

Қош келдіңіз, Алтын күз! Бүгін біздің бүлдіршіндер күзгі сән әлеміне саяхат жасап, өздерінің ерекше киім үлгілерін көрсетеді. Әр киімде баланың қиялы, ата-ананың еңбегі мен шығармашылығы бар.

Күз ханшайымы:

Ендеше, сән көрсетілімін бастайық! Барлық кішкентай сәнгерлерге сәттілік тілеймін!

ІV бөлім. «Күзгі сән әлемі» сән көрсетілімі

(Ортаға сәнді әуен қойылады. Балалар кезекпен ортаға шығып, өздерінің күзгі киім үлгілерін көрсетеді.)

Жүргізуші:

Құрметті көрермендер! Бүгінгі сән көрсетілімінде табиғаттың әсем бояулары мен балалардың қиялы үйлесім тапқан.

Әрбір киім – ерекше өнер туындысы. Ендеше, кішкентай сәнгерлерімізді қошеметпен қарсы алайық!

1. «Алтын жапырақ» сән үлгісі

Күзгі сары, қызғылт жапырақтармен безендірілген киім киген балалар ортаға шығады.

2. «Табиғат сыйы» сән үлгісі (Балбөбек тобы)

Молшылықтың белгісі!

Жемістер мен көкөністер тақырыбында киінген балалар шығады.

3. «Қалдықсыз сән – жасыл әлем»

Әсем киім жасайық!

Қағаз, мата қиындылары, табиғи және қайта пайдаланылатын қауіпсіз материалдардан жасалған киімдер көрсетіледі.

4. «Еркін сән – кішкентай жұлдыздар»

Бүлдіршіндер сүйкімді!

Барлық қатысушылар әуенмен сахнаға шығып, көрермендерге иіліп сәлем береді.

Күз ханшайымы:

Өнерлерің қандай керемет!

Әрқайсысың ерекше екенсіңдер! Барлығың да бүгінгі сән әлемінің жұлдыздарысыңдар!

V бөлім. «Күзгі жапырақтар» биі

Жүргізуші:

Ендеше, бүлдіршіндеріміздің орындауында «Күзгі жапырақтар» биін тамашалаңыздар!

Балалар қолдарына түрлі түсті жапырақтар ұстап, көңілді би орындайды.

Күз ханшайымы:

Жарайсыңдар! Ал енді сендермен көңілді ойын ойнағым келеді.

Ойынның атауы: «Жемістер мен көкөністерді жина»

Ойын шарты: Ортаға жемістер мен көкөністердің муляждары қойылады. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ жемістерді, екінші топ көкөністерді себетке жинайды.

(Ойын ойналады.)

Күз ханшайымы:

Жарайсыңдар, балалар! Өте шапшаң әрі зерек екенсіңдер!

VII бөлім. «Күзгі көңілді би»

Балалар көңілді әуенге еркін би билейді. Қалауы бойынша ата-аналар да қосыла алады.

VIII бөлім. Марапаттау сәті

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар! Бүгінгі сән көрсетілімі балаларымыздың шығармашылығын, әсемдікке деген талғамын және ата-аналарымыздың қолдауын көрсетті.

Әрбір бала – ерекше тұлға. Бүгінгі сахнаға шыққан барлық бүлдіршіндерімізге зор қошемет көрсетейік!

Күз ханшайымы:

Бүгінгі мерекеде бәрің де керемет өнер көрсеттіңдер! Сондықтан сендердің барлығыңа арнайы марапаттар табысталады.

(Балаларға номинациялар бойынша марапаттар немесе естелік сыйлықтар беріледі.)

Номинация үлгілері:

- «Алтын күз аруы»
- «Күз ханзадасы»
- «Ең ерекше сән үлгісі»
- «Табиғат жанашыры»
- «Кішкентай сәнгер»
- «Көрермен көзайымы»
- «Шығармашыл отбасы»
- «Күз жұлдызы»

IX бөлім. Қорытынды

Жүргізуші:

Міне, құрметті қонақтар, осымен «Алтын күз – сән әлемі» атты мерекелік бағдарламамыз өз мәресіне жетті.

Бүгінгі мерекеміз балалардың шат күлкісіне, әсем ән мен биге, ерекше сән үлгілеріне толы болды.

Балаларымыздың өнерін қолдап, әсем киім үлгілерін дайындауға атсалысқан ата-аналарымызға шын жүректен алғыс айтамыз!

Күз молшылық пен береке әкелсін! Әр шаңыраққа қуаныш, әр балаға бақыт, денсаулық пен шаттық тілейміз!

Күз ханшайымы:

Келесі кездескенше, сау болыңыздар!

Барлық қатысушылар ортаға шығып, естелік суретке түседі. Мерекелік әуен орындалады.